

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НЕСИЕ ЖҮЙЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Керімбекова Ақерке Нұрбекқызы

kerimbekovaakerke@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қаласы

Қ-23, 2 курс, мамандық «Қаржы»

Ғылыми жетекшісі – Нурбаева А.Т.

Несие жүйесі – бұл несие-қаржы қатынастарын ұйымдастырушы, ақша жүйесін реттеуші және елде басқа да қаржы қызметтерін көрсетуші несие мекемелерінің желісі. Несие жүйесі несиелік операциялардың көлемінің функционалдық мамандануымен және несиелік мекемелердің санымен, сонымен бірге шаруашылықты жүргізудің жекелеген субъектілеріне ұсынылатын қаржы-несие қызметтерінің санымен сипатталады.

Қазіргі кездегі несие жүйесі бұрынғы жүйеден төмендегі белгілер бойынша өзгешеленеді:

- банктік капиталдың және банктік монополиялардың шоғырлануы және орталықтануы;
- несиелік мекемелердің әр алуан түрлері арасындағы бәсекенің күшеюі;
- банктік капиталдың өнеркәсіптік капиталмен байланысуы және қаржылық капиталдың қалыптасуы;
- несиелік, соның ішінде монополистік мекемелер қызметінің ғаламдануы мен интернационалдануы және континент аралық халықаралық несиелік монополиялардың пайда болуы.

Қазақстанның несие жүйесі 1999 жылдан бастап өз егемендігін алғаннан кейін қалыптасты. Қазақстанның несие жүйесі Қазақстан Ұлттық Банкінен, екінші деңгейлі банктерден және мамандандырылған қаржы – несие мекемелерінен тұрады. [3,174 бет]


Қазіргі несиелеу жүйесінің басты ерекшелігі банктердің меншікті және тартылған ресурстарына ғана байланысты ғана емес, сол сияқты клиенттерді несиелеуді жүзеге асыратын коммерциялық банктер үшін орталық банк бекітетін нормаларға және пруденциялық нормативтерге байланысты келеді. Мысалға, ҚР Ұлттық банкі орталық резервтерге міндетті төлемдерді аудару нормасын белгілейді. Сол сияқты басқа да нормативтер, оның ішінде коммерциялық банкте құрылатын ең төменгі ақшалай резервтер түрінде, ең ірі несиелер көлеміне байланысты шектеу, банк балансының өтімділігінің параметрлері сияқты банктің міндеттемелерін өтімді қаражаттар резервімен салыстыра өлшеу арқылы белгіленетін формалардағы нормативтері де бар. Қалыптасып отырған қазіргі несиелеу жүйесінің келесі маңызды ерекшелігі, бұл несиелеудің объектіден субъектіні несиелеуге өтуі болып табылады. Тауарлы-материалдық құндылықтар қоры және өндірістік шығындардың болуы несиені алуға құқық берді де, ссуданың қайтарылу барысына терең талдау жасалмайды, клиент үшін жоспардың орындалуы ссуданың қайтарылуына автоматты түрде кепіл болды.

Қазіргі несиелік механизм коммерциялық сипатқа ие. Осыған байланысты сауда мотивтері, үнемдеу мотивтері ерекше маңызды болып келеді. Мұндай жағдайда несиелеудің тек кәсіпорынның қосымша қаражатқа деген қажеттілігін қанағаттандыру ғана маңызды емес, сонымен қатар несиелік мекеменің рентабельдігін арттыру үшін де несиелеудің маңызы зор. Дәл осы тұста коммерцияның: “арзанға сатып алып, қымбатқа сату” принципі орын алады. Бұл әрине, клиенттердің несиелері мен депозиттеріне, сол сияқты банкаралық несиеге де тиісті.

Дүниежүзілік экономикалық форумның соңғы есебінде «қаржы нарығының даму» факторы бойынша Қазақстан 148 елдің ішінде 103-орынды иеленген. Ал «банк тұрақтылығы» көрсеткіші бойынша Қазақстан мемлекеттердің алғашқы жүздігінің соңында. Бірақ «жұмыс істемейтін» проблемалық несиелер бойынша Қазақстан әлемде алғашқы орындардың бірінде тұр. 2015 жылдың наурыз айында мерзімі 90 күннен кем мерзімі өткен займдардың көлемі 217 млрд теңгеге өсті. 2015 жылдың I тоқсанында қоржындағы мұндай несиелердің көлемі 2 есеге, 1,01 трлн теңгеге дейін өскен. Ал 2016 жылдың қаңтар айында қазақстандық 35 банктің 25-і жұмыс істеп жатқан кредиттік портфель көлемін арттырды. Мерзімі өткен қарыздардың үлесі жалпы берілген кредиттің 7,5%-ын құрап, төменгі деңгейі сақталуда.

ҚР екінші деңгейлі банктердің кредиттік портфелі алты ай қатарынан үздіксіз өсім көрсетуде. Қаңтар айының соңында көрсеткіш 12 трлн 844 млн теңге болып, бір ай ішінде 1,3%-ға, ал бір жылда 5,6%-ға артқан. Ал мерзімі өткен қарыздар 1 трлн теңгеден сәл төмендеп, жалпы портфель көлемінің 7,5%-ын құрады. [2]

Бүгінде Қазақстандағы несие нарығының 25-30 пайызын несиенің қаржылай түрі иемденсе, 40 пайызын тұтынушылық түрі, ал ипотекалық түрі 29-30 пайыз шамасын иемденеді. Тіпті, тұтынушылық несиенің өсуі жыл сайын 45-60 пайызға дейін жылдамдауда. Яғни, банктер несиені мөлшерден тыс беруде. Ал бұл банктердің қарызға батуына апарады. Кейбір банктердің несие қоржынының 80%-дан көбін проблемалық несиелер құрайды. Проблемалық несиелер көбінесе клиенттің қаржы дағдарысының нәтижесі болып табылады. Бұл дағдарыс кенеттен пайда болуы мүмкін, бірақ ол бірте-бірте дамиды. Проблемалық несиені экономикалық тұрғыдан қарайтын болсақ, онда оған капитал құрылымы, төлем қабілеттілігі, өтімділік, айналымның және табыстылықтың көрсеткіштерінің төмендеуі жатады.



Сурет 1 - ҚР ЕДБ – нің несиелік портфель және мерзімі өткен қарыздар көлемі

Қазіргі таңда отандық коммерциялық банктердің проблемалық несиелер мәселесі өз шешімін табуда. Бірақ бүгінгі банктердің проблемалық заемдар деңгейі 40 % құрайды. 2012 жылы коммерциялық банктердің активін зиянды несиеден тазалайтын Проблемалық несиелер қоры құрылды. Қор қызметінің негізгі мақсаты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес коммерциялық банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға бағытталған шараларды іске асыру болып табылады. «Проблемалық несиелер қоры» қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- коммерциялық банктердің үмітсіз несиелерін сатып алу;
- банктердің қазынашылық активтерін басқару;
- өз қызметін қаржыландыру үшін борыштық бағалы қағаздар эмиссиясы.

Қазір банктердегі жұмыс істемейтін несиелер көлемі 4 трлн теңгені құрайды. Бұл несиелер саясатын банктердің дұрыс жүргізбеуінен болған. Қазір Үкіметтің және Ұлттық Банктің мақсаты жұмыс істемейтін несиелерді жойып, барлық капиталды ел экономикасын дамытуға салу болып табылады. Және бұл проблеманы шешуде ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясында айтылады. 2016 жылға қарай Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев банктерге кез келген жолмен проблемалық несиелер портфелін 15%-дан 10%-ға дейін төмендетуді тапсырды. Осыған орай, елбасымыз 2015 жылы жаман несиелерді сатып алу үшін Проблемалық несиелер қорына Ұлттық қордан 250 млрд теңге бөлінуін тапсырған болатын. Елбасымыздың пікірінше банктердегі жұмыс істемейтін займдардың жоғары деңгейі – өткен жылдағы несиелер беру кезіндегі заң бұзушылықтардың салдарынан.[1]

Айта кететін тағы бір мәселе, ол шектен тыс несиелер алу мәселесі. Бұл жағдай қаржылық дағдарысқа алып келуі мүмкін. Яғни банктер берген несиелерінің көбін қайтара алмай жүр және де алынған несиелердің 30 % дер кезінде төленбейді. Халыққа және өндіріс орындарына есепсіз берілген несиелер қайтпай, соның салдарынан банктер қарызға батады. Банктердегі сектор жүйесін сақтандыру үшін мемлекет тарапынан жасалып отырған шара несиелер алушыларға ешқандай көмек бере алмайды. Бұл жағдайдың алдын алу үшін несиелер берерден бұрын банк қарыз алушының қаржылық жағдайын міндетті түрде талдауы қажет. Қаржылық көрсеткіштер клиент туралы толық көрініс беруі қажет. Банк шағын кәсіпорындардың несиелік қабілеттілігіне ерекше көңіл аударуы қажет, себебі олар әлемдік қаржы дағдарысына бейім болып келеді. 2013 жылдың 1 желтоқсандағы жағдай бойынша мерзімі 90 күннен өткен несиелер қазақстандық банктердің портфелінің 31,4% құраған. Бірақ осы жылы проблемалық активтердің көлемі 740 млрд. теңгеге төмендеген.

Анықталған мәселелерді шешудің бірнеше жолдары бар:

1. Проблемалық несиелердің пайда болуына жол бермеу үшін несиелер беру туралы шешімді ішкі есепті жетілдіру арқылы қабылдау қажет.
2. Несиелер бөлімі қызметкерлерінің проблемалық несиелер белгілерінің жоғалғандығын немесе жасырғандығын анықтау үшін банктерге ішкі бақылау бөлімдері арқылы несиелерді объективті түрде шолуды жүргізу қажет.
3. Банктің стратегиясын табысты жүзеге асыру үшін жоғары білікті мамандарды тарту жұмыстарын жүргізу керек.
4. Төлем қабілеттілігі сақталған клиенттердің қарыздарын қайта құрылымдау жұмыстарын іске асыру қажет.
5. Банк пен коллекторлық компаниялардың қызметтері арасында өзара ықпалдастықты дамыту қажет.

Қазақстан проблемалық несиелер қоржыны бойынша әлемде алдыңғы қатарда тұр. Қазір несиелер алып оны қайтармау салдарын жою үшін кейбір банктерде теңгемен несиелер беруді уақытша болсын тоқтатпақ. Және осы арқылы бәсекелестікті күшейтуді көздейді. Ол үшін банктер бірікті. Яғни, банктер бірігіп, сол арқылы капиталдарын көбейтіп өндірісті қолдауға, халықты арзан несиелермен қамтуға, халықтың депозиттік сыйақысын көтеруге талпынады. Мысалы «БТА» және «Казкоммерцбанк» банктерінің бірігуі. Бұл банктер 2015 жылдың 30 маусымында біріккен болатын. Казком мен БТА-ның жиынтық несиелер портфелі (реттеушінің желтоқсандағы мәліметтері тұрғысынан келгенде) 4,8 трлн теңге. Бірігу қарсаңында 90 күннен артық мерзімі өткен несиелердің (NPL) үлесі БТА-да– 88% және Казкомда 26,7% құрады. Сомаға шаққанда бұл 2,7 трлн теңге немесе жиынтық несиелер портфелінің 56,5% болады. [4]

Қорытындылайтын болсам, Қазақстан Республикасының экономикасында несиелер жүйесінің алатын орны ерекше. Несиелер жүйесін мемлекеттік реттеудің негізгі бағыты Орталық Банк болып табылатындықтан, несиелер қатынастарын және несиелер мекемелерінің қызметін мемлекеттік реттеу тікелей Орталық Банктің қатысуымен жүзеге асады. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында халық банктерден немесе басқа да банктік операциялады жүзеге асыратын ұйымдардан белгілі бір мақсатта несиелер алуымен байланысты қазіргі таңда халықтың несиелерді пайдалануы артып бара жатыр. Елдегі баға тұрақтылығын және банк,

несие жүйесінің дұрыс жүргізілуін қадағалау - ол мемлекеттің экономика және қаржы саласындағы басты міндеттерінің бірі. Қазақстан Республикасындағы несие жүйесін жүргізіп отырған Орталық банктің банктік және банктік емес мекемелерге жүргізіліп отырған шараларын сараптай келе, несиелік пайыз мөлшерлемесінің жоғары екендігін және проблемалық несиелердің көптеп кездесуін байқадық. Осыған орай елбасымыздың жолдауына сәйкес Ұлттық қордан ақша бөлінді және қазіргі таңда бұл мәселенің аясында жұмыстар жүргізілуде.

Қолданылған әдебиет

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы.
2. www.nationalbank.kz.
3. Ақша, несие, банктер/Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Сейітқасымов Ғ.С. Алматы: «Экономика», 2011. – 416 бет.
4. <http://kaz.kkb.kz/page/News?no=1721>

ӘОЖ: 334:346.26

ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Көлбай Ақмарал Мырзалықызы
maral_13_97@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультеті, «Қаржы» мамандығының 2 курс
студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Нурбаева

Ақша – несие саясаты – бұл мемлекет пен монетарлық биліктердің ақша-несие қатынастары саласындағы мақсатты бағытталған, арнайы құралдар мен әдістер арқылы жүзеге асырылатын және қоғамның тұрақты дамуын, инфляция мен жұмыссыздықтың төмен деңгейінде бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларының жиынтығы болып табылатын біртұтас макроэкономикалық саясаттың бір бөлігі.

Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауында: «Әлемдік экономикадағы қолайсыз ахуалды ескере отырып, біз инфляциядан әрбір қазақстандықтың кірістерін қорғауды қамтамасыз ететін және экономикалық өсім үшін лайықты деңгейін ұстап тұратын боламыз. Бұл үшін Ұлттық Банк пен Үкіметке Президент Әкімшілігінің үйлестіруімен экономиканы қажетті ақша ресурстарымен қамтамасыз етуге бағытталған түбегейлі ақша – несие саясатының жаңа жүйесін әзірлеу қажет», - деген болатын. Сондықтан ақша-несие саясатының негізгі мақсатын анықтап, жүзеге асыру механизмін жетілдіру, банктерді проблемалық несиелерден арылту мәселесі әлемдік жаһандану, интеграциялану сатысындағы Қазақстан үшін өзекті мәселе болып табылады [1].

Ұлттық Банктің 2014 жылы ақша – несие саясатына әлемдік экономикадағы дамушы елдерден дамыған елдерге капиталдың әкетілуіне себепші болған АҚШ-та, қаржы секторын қолдау бойынша дағдарысқа қарсы бағдарламалардың қысқаруы елеулі ықпал етті. Нәтижесінде дамушы елдердің (Бразилияның, Ресейдің, Үндістанның, Қытайдың және Оңтүстік Африка Республикасының) валютасына қысым өсті. Дамушы елдер валюталарының көпшілігі күнсызданды немесе бағамның төмендеу үрдісін көрсетті. Теңгенің қайта бағаланған нақты айырбастау бағамы бәсекеге қабілеттілікті төмендетуге және қазақстандық экспортерлер үшін сыртқы сауда талаптарының нашарлауына әкелді.

Нәтижесінде Қазақстан экономикасында девальвациялық күтулер күшейді, алыпсатарлық операциялардың көлемі өсті. Осыған байланысты Ұлттық Банк ауқымды валюталық өктемдікті жүзеге асырды, елдің алтын валюта резервтерінің деңгейі төмендеді.